

Мұнай өнімдерін беру жөніндегі бірыңғай оператор жеткізетін мұнай өнімдерінің тізбесін бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2014 жылғы 28 қарашадағы № 158 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылы 23 қаңтарда № 10136 тіркелді.

Ескерту. Бұйрықтың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Энергетика министрінің 29.08.2025 № 336-н/қ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

"Мұнай өнімдерінің жекелеген түрлерін өндіруді және олардың айналымын мемлекеттік реттеу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 7-бабы 21-2) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда - ҚР Энергетика министрінің 29.08.2025 № 336-н/қ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. Қоса беріліп отырған Мұнай өнімдерін беру жөніндегі бірыңғай оператор жеткізетін мұнай өнімдерінің тізбесі бекітілсін.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Энергетика министрінің 29.08.2025 № 336-н/қ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2. Мұнай өнеркәсібін дамыту департаменті белгіленген заңнама тәртібінде қамтамасыз етсін:

1) Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде осы бұйрықты мемлекеттік тіркеу;

2) Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде оның мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде осы бұйрықты ресми жариялауға бұқаралық ақпарат құралдарына және "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйеге жіберуді;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің ресми интернет-ресурсында жариялау.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің бірінші вице-министрі Ұ.С. Қарабалинға жүктелсін.

4. Осы бұйрық оның бірінші ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткеннен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Энергетика министрі

В. Школьник

"КЕЛІСІЛГЕН"

Қазақстан Республикасы

Қаржы министрі

_____ Б.Сұлтанов

2014 жылғы 18 желтоқсан

"КЕЛІСІЛГЕН"

Қазақстан Республикасы

Ұлттық экономика министрі

_____ Е.Досаев

2014 жылғы 23 желтоқсан

"КЕЛІСІЛГЕН"

Қазақстан Республикасы

Қорғаныс министрі

_____ И.Тасмағамбетов

2014 жылғы 11 желтоқсан

"КЕЛІСІЛГЕН"

Қазақстан Республикасы

Ішкі істер министрі

_____ Қ.Қасымов

2014 жылғы 12 желтоқсан

"КЕЛІСІЛГЕН"

Қазақстан Республикасы

Ұлттық қауіпсіздік комитеті

_____ Н.Әбіқаев

2014 жылғы 05 желтоқсан

Қазақстан Республикасы
Энергетика министрінің
2014 жылғы 28 қарашадағы
№ 158 бұйрығымен
бекітілген

Мұнай өнімдерін беру жөніндегі бірыңғай оператор жеткізетін мұнай өнімдерінің тізбесі

Ескерту. Тақырып жаңа редакцияда - ҚР Энергетика министрінің 29.08.2025 № 336-н/қ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. Бензин;
2. Дизель отыны;
3. Авиациялық отын (МемСТ 10227-86 "Реактивті қозғалтқыштарға арналған отын. Техникалық шарттар");

4. Мазут.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК